

Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жүртшылықтың қатысусы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияға Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімдері туралы хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 279-VI ҚРЗ.

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жүртшылықтың қатысусы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияға Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімдері туралы 2003 жылғы 21 мамырда Киевте жасалған хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. ТОҚАЕВ

Бейресми аударма

ЛАСТАУЫШТАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ МЕН ТАСЫМАЛДАРЫНЫҢ ТІРКЕЛІМДЕРІ ТУРАЛЫ ХАТТАМА

Осы Хаттама Тараптары,

1998 жылғы Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жүртшылықтың қатысусы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияның (Орхус конвенциясы) 5-бабының 9-тармағына және 10-бабының 2-тармағына сүйене отырып,

Орхус конвенциясы Тараптарының бірінші Кеңесінде қабылданған Лукк декларациясында көрсетілгендей, ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімдері корпорациялардың есептілігін арттыру, ластандуды азайту және орнықты дамуға жәрдемдесу үшін мықты тетік жасайтынын мойындаі отырып,

1992 жылғы Қоршаған орта және даму жөніндегі Рио-де-Жанейро декларациясының 10-қағидатын ескере отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының 1992 жылғы Қоршаған орта және даму жөніндегі конференциясында келісілген қағидаттар мен міндеттемелерді, атап айтқанда XXI ғасырға арналған Күн тәртібінің 19-тарауының ережелерін де ескере отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1997 жылғы арнайы он тоғызынышы сессиясында қабылданып, онда атап айтқанда, тиісті құралдарды пайдалана отырып, жаһандық экологиялық проблемалар туралы ақпаратқа жүртшылықтың қолжетімділігін көнектіу мақсатында ақпаратты жинау, өндөу және тарату саласында елдердің әлеуеті

мен мүмкіндіктерін арттыруға шақырған, XXI ғасырға арналған Күн тәртібін одан әрі жүзеге асыру жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын назарға ала отырып,

Химиялық заттар туралы, мысалы, ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының ұлттық тіркелімдері арқылы келісілген, кешенді ақпараттың жинақталуын қамтамасыз етуге шақыру қамтылған 2002 жылғы Орнықты даму бойынша жоғары деңгейдегі Дүниежүзілік кездесу шешімдерін жүзеге асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын ескере отырып,

Химиялық қауіпсіздік жөніндегі үкіметаралық форум жұмысы нәтижелерін, атап айтқанда Химиялық қауіпсіздік жөніндегі Байисек декларациясын, 2000 жылдан кейінгі іс-қимылға арналған басымдықтарды, Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдары/шығарындылар кадастрларының тіркелімдері жөніндегі іс-қимыл жоспарын назарға ала отырып,

Химиялық заттарды қауіпсіз қолдану жөніндегі ұйымаралық бағдарлама шенберінде жүзеге асырылатын қызметті де ескере отырып,

Экономикалық ынтымақтастық және даму үйімі қызметінің нәтижелерін, атап айтқанда, Кеңес мүше елдерді ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының ұлттық тіркелімдерін жасауға және оларға жүртшылықтың қолжетімділігін қамтамасыз етуге шақыратын, ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімдерін енгізу туралы оның Кеңесінің ұсынымын одан әрі ескере отырып,

Жүртшылық үшін қолжетімді экологиялық ақпараттар жүйелерін жасау арқылы қазіргі және келешек ұрпақтың әрбір адамының өз деңсаулығы мен әл-ауқаты үшін қолайлы қоршаған ортада өмір сүруге құқығын іске асыруға ықпал ететін тетікті жасауға ұмтыла отырып,

Осындай жүйелерді жасау және жетілдіру кезінде орнықты дамуга ықпал ететін қағидаттардың, мысалы, 1992 жылғы Қоршаған орта және даму жөніндегі Рио-де-Жанейро декларациясының 15-қағидатында баяндалған сактық қағидаты негізіндегі тәсілдің ескерілуін қамтамасыз етуге де ұмтыла отырып,

Экологиялық деректердің барабар ақпараттық жүйелерімен және Орхус конвенциясында бекітілген құқықтарды жүзеге асыру арасындағы байланысты мойындай отырып,

2001 жылғы Орнықты органикалық ластауыштар туралы Стокгольм конвенциясы мен 1989 жылғы Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясын қоса алғанда, ластауыштар мен қалдықтарға қатысты басқа да бастамалармен ынтымақтастықтың қажеттігін ескере отырып,

Әндірістік қондырғыларды және басқа да көздерді пайдалану нәтижесінде пайда болатын ластауыштар мен қалдықтардың көлемін мейлінше азайтудағы кешенді тәсілдің мақсаты, тұтастай алғанда, қоршаған ортаны қорғаудың жоғарғы деңгейін қамтамасыз етуден, орнықты және экологиялық тиімді даму жолымен ілгерілетуден,

сондай-ақ қазіргі және келешек ұрпақтың денсаулығын қорғаудан тұратынын мойындай отырып,

экологиялық көрсеткіштерді жақсартуға жәрдемдесу үшін, қауымдар орналастырылған аудандарда ластауыштардың шығарындылары және осындай қауымдарға және олар орналасқан аумақтар арқылы ластауыштардың тасымалдануы туралы ақпаратқа қоғамдастықтың қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ ластауды азайту ісінде прогрестің үрдісі, көрінісі анықталған кезде үкіметтердің экологиялық саясат пен бағдарламаларды іске асыру арқылы қол жеткізген бірқатар халықаралық келісімдердің сақталуына бақылау жасауды, прогрестің басымдықтары мен бағалануын белгілеуді пайдалануы үшін экономикалық тиімді құрал ретінде ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдары тіркелімдерінің құндылығына көз жеткізе отырып,

ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімдері ластауыштарды басқаруды жетілдіру нәтижесінде өндіріске елеулі пайданы қамтамасыз етуі мүмкін екенін пайымдай отырып,

әлеуетті проблемаларды терең түсіну, "шиеленісті жерлерді" анықтау, алдын алу шараларын және қолайсыз әсерлерді деңгейлестіру шараларын қабылдау, сондай-ақ қоршаған ортаны тиімді пайдалану саласында басымдықтарды белгілеу мақсатында ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімдеріндегі деректерді медициналық, экологиялық, демографиялық, экономикалық немесе өзге де тиісті ақпаратпен бірге қолданып пайдалану үшін мүмкіндіктерді атап көрсете отырып,

деректерді қорғауға қатысты қолданылатын халықаралық нормаларға сәйкес ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімдері үшін ұсынылған ақпаратты өндеу кезінде сәйкестендірілген немесе сәйкестендірілетін жеке тұлғалар үшін құпиялылықты қамтамасыз етудің маңыздылығын мойындай отырып,

деректердің салыстырмалылық деңгейін арттыру үшін халықаралық деңгейде салыстырылатын ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдары тіркелімдерінің ұлттық жүйелерін құрудың және жетілдірудің маңыздылығын мойындай отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясына көптеген мүше мемлекеттер, Еуропалық қоғамдастық және Еркін сауда туралы Солтүстік Америка келісімі Тараптары ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарына қатысты әртүрлі көздерден деректер жинауды және осы деректердің жүртшылыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайтынын атап өте отырып, әсіресе, осы салада кейбір елдердің ұзақ уақыт кезеңі ішінде құнды тәжірибе жинақтағанын мойындай отырып,

шығарындылардың қолда бар тіркелімдерінде қолданылатын түрлі тәсілдерді және қайталауға жол бермеу қажеттігін ескере отырып және осыған байланысты икемділіктің белгілі бір деңгейін қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып,

ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының ұлттық тіркелімдерін жүйелі түрде жетілдіруге табандылықпен шақыра отырып,

ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының ұлттық тіркелімдері мен жүртшылықтың аландаушылығын туғызатын басқа да шығарындылар бойынша ақпараттық жүйелер арасында байланыс орнатуға табандылықпен шақыра отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Мақсаты

Осы Хаттаманың мақсаты жүртшылықтың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысуына жәрдемдесетін, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануының алдын алуға және оны азайтуға ықпал ететін ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының (ЛШТТ) келісілген, кешенді жалпы ұлттық тіркелімдерін осы Хаттаманың ережелеріне сәйкес жасау арқылы жүртшылықтың ақпаратқа қолжетімділігін көңейту болып табылады.

2-бап

Анықтамалар

Осы Хаттама мақсаттары үшін

1. "Тарап", егер мәтінде өзге нұсқама болмаса, 24-бапта айтылған осы Хаттаманың ережелерімен байланысты болуға келіскең және олар үшін Хаттама күшіне енген мемлекетті немесе экономикалық интеграцияның өнірлік ұйымын білдіреді.

2. "Конвенция" 1998 жылғы 25 маусымда Данияда, Орхуста жасалған, Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жүртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияны білдіреді.

3. "Жүртшылық" бір жеке немесе занды тұлғаны немесе бірнеше осындай тұлғаны және ұлттық заңнамаға немесе практикаға сәйкес олардың қауымдастықтарын, ұйымдарын немесе топтарын білдіреді.

4. "Объект" сол бір жеке немесе занды тұлғаның меншігіндегі немесе сол бір жеке немесе занды тұлғаның пайдалануындағы сол бір участкедегі немесе шектес участкелердегі бір немесе бірнеше қондырғыны білдіреді.

5. "Құзыретті орган" ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдары тіркелімдерінің ұлттық жүйесін енгізу үшін Тарап тағайындаған ұлттық органды немесе органдарды немесе кез келген құзыретті мекемені немесе мекемелерді білдіреді.

6. "Ластауыш" өз қасиеттеріне байланысты және оларды қоршаған ортаға енгізу салдарынан қоршаған орта немесе адам денсаулығы үшін зиянды болуы мүмкін заттарды немесе заттар тобын білдіреді.

7. "Шығарынды" сарқынды суларды түбегейлі тазаламастан, үйіндіге немесе көріз жүйелері арқылы төгуді, әмиссияны, шығаруды, айдауды, жоюды немесе ағызуды қоса алғанда, әдейі немесе авариялық, жоспарлы немесе жоспардан тыс екендігіне қарамастан, кез келген антропогендік қызмет нәтижесінде ластауыштардың қоршаған ортаға кез келген енгізілуін білдіреді.

8. "Учаске шегінен тасымалдау" жою немесе рекуперациялауға арналған ластауыштарды немесе қалдықтарды және тазалауға арналған сарқынды сулардың құрамындағы ластауыштарды объект шегінен тыс жерлерге ауыстыруды білдіреді.

9. "Диффузиялық көздер" көптеген ұсақ немесе шашыранды көздерді білдіреді, олардан ластауыштар жерге, ауаға немесе суға шығарып тасталып, қоршаған ортаның осы құрам бөліктеріне олардың жиынтық әсері елеулі болуы мүмкін және олар үшін әрбір жекелеген көздер бойынша есептілікті жинау іс жүзінде ұтымды болмайды.

10. Экономикалық интеграцияның өңірлік ұйымдары болып табылатын Тараптардың осы Хаттамаға сәйкес келетін міндеттемелеріне қатысты "ұлттық" және "жалпы ұлттық" терминдері, егер мәтінде өзгеше нұсқау қамтылmasa, осы өңірге қатысты деп түсініледі.

11. "Қалдықтар" деп:

- a) жойылуға немесе рекуперациялануға;
- b) жойылуға немесе рекуперациялануға арналған; немесе
- c) ұлттық заңнаманың ережелеріне сәйкес жойылуға немесе рекуперациялануға жататын заттарды немесе заттар тобын білдіреді.

12. "Қауіпті қалдықтар" ұлттық заңнаманың ережелерінде қауіпті деп айқындалған қалдықтарды білдіреді.

13. "Өзге де қалдықтар" қауіпті емес қалдықтарды білдіреді.

14. "Сарқынды сулар" ұлттық заңнамамен реттелуге жататын, құрамында заттар немесе бүйімдар бар, пайдаланылған суларды білдіреді.

3-бап

Жалпы ережелер

1. Эрбір Тарап осы Хаттама ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында заңнамалық, реттеуші және басқа да шараларды, сондай-ақ тиісті шараларды қабылдайды.

2. Осы Хаттаманың ережелері Тараптардың осы Хаттамада талап етілетіннен көрі неғұрлым ауқымды немесе неғұрлым қолжетімді ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімін енгізу құқығын қозғамайды.

3. Эрбір Тарап осы Хаттаманы жүзеге асыру үшін қабылданған кез келген объектінің ұлттық заңдарды бұзғаны туралы мемлекеттік органдарға хабарлаған объекті қызметкерлерінің және қоғам өкілдерінің осы заң бұзушылық туралы

хабарлауына байланысты өздерінің іс-қимылдары үшін осы объекті немесе мемлекеттік орган тарапынан жазалауға, қудалауға немесе ізіне тұсуге ұшырамауын қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды.

4. Осы Хаттаманы жүзеге асыруда, әрбір Тарап 1992 жылғы Қоршаған орта және оның дамуы бойынша Рио-де-Жанейро декларациясының 15-қағидатында баяндалған сақтық қағидаты негізіндегі тәсілді басшылыққа алады.

5. Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімдері жүйесінің есептілігін берген кезде олардың бірін-бірі қайталауын азайту мақсатында, іс жүзінде бұл қаншалықты мүмкін болуына қарай, осы есептілік берудің пайдалануға арналған лицензияларда немесе рұқсаттарда көзделген тетігі сияқты қолданыстағы ақпарат көздерімен ықпалдасқан болуы мүмкін.

6. Тараптар ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының ұлттық тіркелімдерінің бір-біріне жақындаса тұсуін қамтамасыз етуге ұмтылады.

4-бап

Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімдері жүйесінің негізгі элементтері

Осы Хаттамаға сәйкес әрбір Тарап жүртшылыққа қолжетімді ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының ұлттық тіркелімдерін жасап, жүргізеді, онда:

а) нүктелі көздер бойынша есептілікке қатысты нақты объектілер бойынша топтастыру жүргізіледі;

б) диффузиялық көздер бойынша деректер қамтылады;

с) тиісті жағдайларда нақты ластауыштар бойынша немесе нақты қалдықтар бойынша топтастыру жүргізіледі;

д) аяға, жерге және суға шығарылатын шығарындылар арасындағы айырмашылықты жүргізе отырып, қоршаған ортаның түрлі құрам бөліктерін қамтиды;

е) тасымалдау туралы ақпаратты енгізеді;

ф) кезеңділік негізде ұсынылатын міндетті есептілікке негізделеді;

г) есептілікті ұсыну үшін стандартталған және уақтылы ұсынылған деректерді, стандартталған шекті мәндерінің шектеулі санын және бар болған жағдайда құпиялылық туралы ережелердің шекті санын қамтиды;

х) пайдаланушылар үшін логикалық дәйекті болып табылады және өзінің құрылымы жағынан ыңғайлы, сондай-ақ жүртшылыққа қолжетімді, соның ішінде электронды нұсқада қолжетімді болуға тиіс;

і) оны құрастыруға және түрлендіруге жүртшылықтың қатысуын көздейді; және

ж) ол құрылымданған және компьютерленген дереккорды немесе жетекші құзыретті орган жүргіzetін бір-бірімен байланысты бірқатар деректерді білдіреді.

5-бап

Құрылымы және құрылымы

1. Әрбір Тарап 4-бапта аталған тіркелімдегі деректердің шығарындылары мен тасымалдарын іздестіре алатында және оларды:

- a) объекті және оның географиялық орналасқан жері бойынша;
- b) қызмет түрі;
- c) иесі немесе операторы және тиісті жағдайларда компания;
- d) тиісті жағдайларда ластауыштар немесе қалдықтар;
- e) ластауыш шығарылатын қоршаған ортаның әрбір құрамбөлігі бойынша; және
- f) 7-баптың 5-тармағында көрсетілгендей, соңғы тасымалдау пункті және тиісті жағдайларда қалдықтарды жою және рекуперациялау операциялары бойынша сәйкестендіре алатында біріктірілген және біріктірілмеген түрде берілуін қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тарап сондай-ақ тіркелімге енгізілген сол диффузиялық көздер негізінде деректерді іздестіру мен сәйкестендіру мүмкіндігін де қамтамасыз етеді.

3. Әрбір Тарап өзінің тіркелімін оның болашакта кеңеюі мүмкіндігін ескере отырып және кем дегенде ондағы алдыңғы он жыл ішіндегі бар деректері жүртшылыққа қолжетімді болуын қамтамасыз ете отырып жасайды.

4. Тіркелім интернет сияқты электронды байланыс құралдары арқылы жүртшылықтың қолжетімділігін барынша жеңілдету үшін жасалады. Тіркелімнің құрылымы ондағы бар ақпаратты қалыпты жағдайларда оны пайдаланудың және электронды байланыс құралдары арқылы тұрақты және дереу қол жеткізе алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

5. Әрбір Тарап өзінің тіркелімінде қоршаған ортаны қорғауға қатысты тақырыптар бойынша және жүртшылық үшін қолжетімді қолда бар деректер қорына тиісті сілтемелері көзделуі керек.

6. Әрбір Тарап өзінің тіркелімінде Хаттаманың басқа Тараптарының ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімдеріне және, мүмкін болған жағдайда басқа елдердің ластауыштарының шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімдеріне сілтеме жасауды көздейді.

6-бап

Тіркелімнің қамту саласы

1. Әрбір Тарап өзінің тіркелімінің:

- a) 7-баптың 2-тармағына сәйкес есептілікті ұсыну талап етілетін шығарындылар ластауыштары;

b) 7-баптың 2-тармағына сәйкес есептілік ұсыну талап етілетін жер-учаскесінен тыс тасымалдау; және

c) 7-баптың 4-тармағына сәйкес есептілік ұсыну талап етілетін диффузиялық көздерден ластауыштар шығарындылары туралы ақпаратты қамтуын қамтамасыз етеді;

2. Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының ұлттық тіркелімдерін жасау мен жетілдіру және осы Хаттаманы жүзеге асыру барысында жинақталған тәжірибеге бағалау жүргізе отырып және тиісті халықаралық процестерді назарға ала отырып, Тараптар Кеңесі осы Хаттамаға сәйкес есептілік ұсынуға қатысты талаптарға шолу жасауды жүргізеді және оны одан әрі жетілдірудің мынадай мәселелерді:

a) I қосымшада көрсетілген қызмет түрлерін қайта қарауды;

b) II қосымшада көрсетілген ластауыштарды қайта қарауды;

c) I және II қосымшалардағы шекті деңгейлерді қайта қарауды және

d) учаске шегінде тасымалдау, сақтау, диффузиялық көздер туралы есептілікті ұсынуға қатысты талаптарды айқындау туралы ақпарат сияқты басқа да тиісті аспекттерді енгізуіді немесе осы ластауыштарды Хаттамаға сәйкес енгізу үшін өлшемшарттар әзірлеуді қарастырады.

7-бап

Есептілікті ұсынуға қатысты талаптар

1. Әрбір Тарап не:

a) I қосымшада санамаланған бір немесе одан да көп қызмет түрлерін жүзеге асыратын, өзінің юрисдикциясындағы әрбір жеке объектінің иесінен немесе операторынан I қосымшаның 1-бағанында көрсетілген қызмет үшін асыра қолданылған шекті мәндерді талап етеді, және:

i) II қосымшаның 1-бағанында көрсетілген қолданылатын шекті мәннен асатын сандағы, II қосымшада көрсетілген кез келген ластауыштардың шығарындыларын жүзеге асырады;

ii) Тарап 5(d)-тармаққа сәйкес нақты ластауыштарды тасымалдауға қатысты есептілікті ұсыну нұсқасын таңдаған жағдайларда, II қосымшаның 2-бағанында көрсетілген қолданылатын шекті мәннен асатын сандағы, II қосымшада көрсетілген кез келген ластауышты учаскенің шегінен тыс жерлерге тасымалдауды жүзеге асырады;

iii) Тарап 5(d)-тармаққа сәйкес нақты қалдықтарды тасымалдауға қатысты есептілікті ұсыну нұсқасын таңдаған жағдайларда, жылына екі тоннадан асатын қауіпті қалдықтарды немесе жылына 2 000 тоннадан асатын басқа да қалдықтарды учаскенің шегінен тыс жерлерге тасымалдауды жүзеге асырады; немесе

iv) II қосымшаның 1b-бағанында көрсетілген қолданылатын шекті мәннен асатын сандағы, тазалауға арналған сарқынды суларды II қосымшада көрсетілген кез келген ластауышты учаскенің шегінен тыс жерлерге тасымалдауды жүзеге асырады;

2-тармаққа сәйкес объектінің осындай иесіне немесе операторына жүктелетін міндеттемені өзіне алуды талап етеді; не

b) I қосымшаның 2-бағанында көрсетілген қызметкерлер саны үшін I қосымшада көрсетілген бір немесе одан да көп қызмет түрлерін шекті мәннің деңгейінде немесе одан асатын деңгейде жүзеге асыратын және II қосымшада көрсетілген кез келген ластауышты II қосымшаның 3-бағанында көрсетілген қолданылатын шекті мәннен асатын санда өндіретін, өндейтін немесе қолданатын өзінің юрисдикциясындағы әрбір жеке объектінің иесінен немесе операторынан 2-тармаққа сәйкес объектінің иесіне немесе операторына жүктелетін міндеттемені өзіне алуды талап етеді.

2. Әрбір Тарап 1-тармақта аталған объектінің иесінен немесе операторынан 5 және 6-тармақтарда көрсетілген ақпаратты және шекті мәндері асырылған ластауыштар мен қалдықтарға қатысты оның оларда көзделген талаптарына сәйкес ұсынуды талап етеді.

3. Тарап осы Хаттаманың мақсатына қол жеткізу үшін оның тіркелімінде бар шығарындылар немесе тасымалдар туралы тиісті ақпаратты ұлғайтқан жағдайда, не шығарындыға қатысы бар шекті мәнді немесе өндіруге, өндеуге немесе пайдалануға арналған шекті мәнді қолдану жөнінде нақты ластауышқа қатысты шешім қабылдай алады.

4. Әрбір Тарап өз құзыретті органының 7 және 8-тармақтарда санамаланған диффузиялық көздерден ластауыштардың шығарындылары туралы ақпаратты жинау үшін, оны тіркелімге енгізу үшін ақпарат жинауды жүргізуін немесе бір немесе бірнеше мемлекеттік органдарды немесе құзыретті ведомстволарды тағайындауын қамтамасыз етеді.

5. Әрбір Тарап 2-тармаққа сәйкес есептілікті ұсынуда талап етілетін объектілердің иелерінен немесе операторларынан нақты объектілер бойынша мынадай ақпаратты:

a. есептілікке ұсынатын объектінің атауын, пошталық мекенжайын, географиялық орналасқан жерін және қызмет түрін немесе түрлерін, сондай-ақ иесінің немесе операторының аты-жөнін және тиісті жағдайларда компанияның атауын;

b. 2-тармаққа сәйкес есептілікті ұсынуда талап етілетін әрбір ластауыштың атауы мен сәйкестендіру нөмірін;

c. 2-тармаққа сәйкес есептілік ұсыну талап етілетін, объектіден қоршаған ортаға есепті жыл ішінде жиынтығы ретінде де, жер астынан айдауды қоса алғанда, ауаға, суға немесе жерге тасталған шығарындылар бойынша бөліп те шығарып тасталған әрбір ластауыштың санын;

d. не

i) 2-тармаққа сәйкес есептілікті ұсыну талап етілетін, есепті жыл ішінде жою және рекуперациялау мақсаттары үшін тасымалданған сандарының аражігін ажырата отырып, участкенің шегінен тыс жерлерге тасымалданған әрбір ластауыштың санын, сондай-ақ тасымал келіп түсетін объектінің атауы мен мекенжайын; не

ii) 2-тармаққа сәйкес есептілікті ұсыну талап етілетін, егер қалдықтар III қосымшаға сәйкес рекуперациялауға арналған болса, тиісінше "Р" немесе "У" деген белгілері көрсетілген рекуперациялау немесе жою жөніндегі кез келген операциялар үшін, сондай-ақ қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау кезінде қауіпті қалдықтар мен өзге де қалдықтардың аражігін ажырату арқылы есепті жыл ішінде учаскеден тыс жерлерге тасымалданған қалдықтардың санын, қалдықтарды рекуперациялауды немесе жоюды жүзеге асыратын кәсіпорынның және тасымал келіп түсетін нақты рекуперациялау немесе жою учаскесінің атауы мен мекенжайын;

e. 2-тармаққа сәйкес есептілікті ұсыну талап етілетін, есепті жыл ішінде учаскенің шегінен тыс жерлерге тасымалданған сарқынды сулардағы әрбір ластауыштың санын; және

f. 9-баптың 2-тармағына сәйкес ақпараттың өлшемдерге, есептеулерге немесе бағалауларға негізделген-негізделмегенін көрсету арқылы (с)-(е) тармақшаларында аталған ақпаратты алу үшін қолданылатын әдістеменің түрін әзірлеп, құзыретті органға жіберуді талап етеді.

6. 5-тармақтың (с)-(е) тармақшаларында аталған ақпарат жоспарлы қызмет немесе жоспардан тыс жағдайлар нәтижесіндегі жалпы шығарындылар мен тасымалдар туралы ақпаратты қамтиды.

7. Әрбір Тарап өзінің тіркелімінде диффузиялық көздерден ластауыштардың шығарындылары туралы ақпаратты тиісінше кеңістікке бөле отырып ұсынады, оларға қатысты осы Тарап деректерді тиісті органдардың жинағандығын және оларды енгізуіндің практикалық мүмкіндіктері бар екендігін айқындайды. Тарап мұндай деректердің жоқ екендігін айқындаған жағдайда, өзінің ұлттық басымдықтарына сәйкес, ол бір немесе одан да көп диффузиялық көздерден тиісті ластауыштардың шығарындылары туралы есептілікті ұсынуға бастама жасау үшін шаралар қолданады.

8. 7-тармақта аталған ақпарат, ақпаратты алу үшін қолданылған әдістеменің түрі туралы ақпаратты қамтиды.

8-бап

Есептіліктің кезеңділігі

1. Әрбір Тарап өзінің тіркеліміне енгізуі талап ететін ақпараттың жұртшылық үшін қолжетімді болуын және оның іріктең алынуын және күнтізбелік жылдар бойынша бөле отырып, тіркелімде болуын қамтамасыз етеді. Осындағы ақпаратқа қатысты күнтізбелік жыл есепті жыл болып табылады. Осы Тарап үшін Хаттама күшіне енгеннен кейінгі күнтізбелік жыл әрбір Тарап үшін бірінші есепті жыл болып табылады. Есептілік 7-бапқа сәйкес жыл сайын беріледі. Алайда, бірінші есепті жылдан кейінгі екінші күнтізбелік жыл екінші есепті жыл бола алады.

2. Экономикалық интеграцияның өнірлік ұйымы болып табылмайтын әрбір Тарап өзінің тіркеліміне әрбір есепті жыл аяқталғаннан кейінгі он бес ай ішінде ақпаратты енгізу ді қамтамасыз етеді. Алайда, бірінші есепті жыл үшін ақпарат өзінің тіркеліміне осы есепті жыл аяқталғаннан кейінгі екі жыл ішінде енгізіледі.

3. Экономикалық интеграцияның өнірлік ұйымы болып табылатын әрбір Тарап экономикалық интеграцияның өнірлік ұйымдары болып табылмайтын Тараптар жасауға тиісті болатын мерзімнен кейін алты ай өткен соң нақты есепті жыл үшін ақпаратты өзінің тіркеліміне енгізу ді қамтамасыз етеді.

9-бап

Деректерді жинау және құжаттамаларды сақтау

1. Әрбір Тарап 7-бапқа сәйкес есептілікті ұсыну туралы талаптардың қолданысына жататын объектілер иелерінен немесе операторлардан 2-тармаққа сәйкес төмендегі және тиісті кезеңділікпен анықтауға қажетті деректерді жинауды жүзеге асыруды, 7-бапқа сәйкес есептілікті ұсынатын участкеден тыс объектіде орын алған шығарындылар мен тасымалдаулар бойынша тиісті есепті жылдың соңынан бастап бес жыл ішінде оның көмегімен есепті ақпарат алынған деректер туралы құжаттаманы құзыретті органдар үшін қолжетімді етіп сақтауды талап етеді. Бұл құжаттама деректерді жинауда қолданылған әдістеменің сипаттамасын да қамтиды.

2. Әрбір Тарап 7-бапқа сәйкес есептілікті ұсыну туралы талаптардың қолданысына жататын объектілер иелерінен немесе операторлардан, мониторинг деректерін, шығарындылар коэффициенттерін қайта есептеуді, масса теңгерімін теңестіруді, жанама мониторинг деректерін немесе өзге де есептеуді, техникалық бағалауды және басқа да әдістерді қамтуы мүмкін болатын қолдағы бар ең жақсы ақпаратты қолдануды талап етеді. Тиісті жағдайларда мұны халықаралық танылған әдістемелерге сәйкес жасаған жөн.

10-бап

Сапаны бағалау

1. Әрбір Тарап 7-баптың 1-тармағына сәйкес есептілікті беру туралы талаптардың қолданысына жататын объектілер иелерінен немесе операторлардан өздері ұсынып отырган ақпараттың сапасын қамтамасыз етуін талап етеді.

2. Әрбір Тарап өзінің тіркелімінде бар деректердің сапасын, атап айтқанда, Тараптар Кенесі әзірлеуі мүмкін кез келген басшылыққа алынатын қағидаттарды ескере отырып, олардың толықтығы, келісілуі мен анықтығы мәніне бағалауды құзыретті органның жүргізуін қамтамасыз етеді.

11-бап

Жұртшылықтың ақпаратқа қолжеткізуі

1. Эрбір Тарап өзінің мүдделілігін тұжырымдауды қажет етпестен және осы Хаттаманың ережелеріне сәйкес өзінің тіркелімінде бар шығарындылар мен ластауыштардың таралу ақпаратына жұртшылықтың қол жеткізуін, ең бастысы, өзінің тіркелімі жария байланыс желілері арқылы тікелей электрондық қол жеткізуді көздейтінін қамтамасыз ету арқылы қамтамасыз етеді.

2. Жұртшылық тиісті Тараптың тіркелімінде бар ақпаратқа тікелей электрондық құралдардың көмегімен кедергісіз қол жеткізе алмаған жағдайларда, әрбір Тарап өзінің құзыретті органының сұрау салу бойынша осындай ақпаратты кез келген басқа да тиімді құралдардың көмегімен барынша тезірек, бірақ тиісті сұрау салуды алғаннан кейін кемінде бір ай бұрын беруін қамтамасыз етеді.

3. 4-тармақтың ережелері сақталған жағдайларда, әрбір Тарап өзінің тіркелімінде бар ақпаратқа қолжетімділікті тегін беруді қамтамасыз етеді.

4. Эрбір Тарап 2-тармақта аталған нақты ақпаратты қайта шығарғаны және поча арқылы жібергені үшін өзінің құзыретті органына төлемақы алуға рұқсат етуі мүмкін, бірақ бұл төлемақы ақылға қонымды деңгейден аспауға тиіс.

5. Жұртшылық тиісті Тараптың тіркелімінде бар ақпаратқа кедергісіз қол жеткізе алмаған жағдайларда, әрбір Тарап өзінің тіркеліміне жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, мысалы, көпшілік кітапханаларда, жергілікті билік органдарының мекемелерінде және басқа да тиісті орындарда электрондық қолжетімділікті женеңдедетеді.

12-бап

Құпиялылық

1. Эрбір Тарап құзыретті органға тіркелімінде бар ақпаратты, егер осындай ақпаратты көпшілікке жария ету:

- a) халықаралық қатынастар, ұлттық қорғаныс немесе мемлекет қауіпсіздігі;
- b) сот төрелігін іске асыру, әділ сот талқылауына кез келген адамның қол жеткізу мүмкіндігі немесе мемлекеттік органның қылмыстық немесе тәртіптік сипаттағы тергеуді жүргізу мүмкіндігінің болуы;
- c) осындай құпиялылық занды экономикалық мүдделерді қорғау мақсатында занмен қорғалған жағдайларда коммерциялық және өндірістік ақпараттың құпиялылығы;
- d) зияткерлік меншік құқығы; немесе
- e) жеке тұлғаға қатысты жеке деректердің және/немесе деректеменің құпиялылығы, егер бұл тұлға осындай ақпараттың жұртшылыққа жария болуына келісімін бермесе, осындай құпиялылық ұлттық заңнамада көзделген жағдайларда қолайсыз салдарлары

болса, құпиялыштықты сақтауға рұқсат берे алады. Ақпаратты жария ету қоғамдық мүдделерге сай келетінін не келмейтінін ескере отырып, сондай-ақ сұрау салынып отырған ақпараттың қоршаған ортаға шығарындыларға жататынын не жатпайтынын ескере отырып, құпиялыштықты сақтау үшін жоғарыда аталған негіздер шектеулі түсіндірледі.

2. 1(с) тармақша шеңберінде қоршаған ортаны қорғауға қатысы бар шығарындылар туралы кез келген ақпарат ұлттық заңнамаға сәйкес оны жария ету мәніне қарауға жатады.

3. 1-тармаққа сәйкес ақпараттың құпиялыштық мәртебесі сақталған жағдайларда, тіркелімде алып қойылған ақпараттар типі, мысалы, мүмкіндігі бойынша химиялық қасиеттері туралы жалпы ақпаратты және осындай алып қоюдың себептерін ұсыну арқылы көрсетіледі.

13-бап

Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының ұлттық тіркелімдерін жасауға және жетілдіруге жүртшылықтың қатысуы

1. Әрбір Тарап өзінің ұлттық заңнамасы шеңберінде ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының ұлттық тіркелімін жасауға және жетілдіруге жүртшылықтың қатысуы үшін тиісті мүмкіндікті қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тарап 1-тармақтың мақсаты үшін өзінің ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының ұлттық тіркелімдерін жасауға және жетілдіруге қатысты ұсынылған шаралар туралы ақпаратқа жүртшылықтың тегін қолжеткізу мүмкіндігін, сондай-ақ шешім қабылдау процесіне қатысы бар кез келген ескертулерді, ақпараттарды, талдау материалдарын немесе пікірлерді ұсыну мүмкіндігін береді және тиісті орган жүртшылықтың осындай үлесін тиісті түрде ескереді.

3. Әрбір Тарап өзінің тіркелімін жасау немесе елеулі өзгерістер туралы шешімдер қабылдау кезінде, бұл шешім туралы жүртшылыққа ақпараттың уақтылы берілуін және ол негізделген түсініктердің хабарлануын қамтамасыз етеді.

14-бап

Сот төрелігіне қолжеткізу

1. Әрбір Тарап өзінің ұлттық заңнамасы шеңберінде 11-баптың 2-тармағына сәйкес ақпаратқа қол жеткізу туралы оның өтініші назарға алынбады немесе ішінара немесе толығымен заңсыз қабылданбады, оған барабар жауап берілмеді немесе осы тармақтың ережелеріне сәйкес өзгеше түрде қаралмады деп есептеген кез келген тұлғаның сотта немесе осы заңға сәйкес құрылған өзгеше тәуелсіз және бейтарап органда қайта қарау рәсіміне рұқсаты болуын қамтамасыз етеді.

2. 1-тармақта көзделген талаптар, осы баптың мәніне қатысты қолданыстағы олардың арасында қолданылатын шарттар бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмesten қолданылады.

15-бап

Әлеуетті ұлғайту

1. Әрбір Тарап жүртшылыққа өзінің ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімі туралы хабарлауға жәрдемдеседі және жүртшылыққа өзінің тіркеліміне қол жеткізу саласындағы көмегін және ұсынымдарын беруді және түсіністікті және онда бар ақпаратты пайдалануды қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тарап жауапты органдар мен мекемелердің әлеуетін тиісінше ұлғайтуды және осы Хаттамаға сәйкес оларға көмек көрсету мақсатында олардың өз міндеттерін орындауы үшін ұсынымдар беруді қамтамасыз етуге тиіс.

16-бап

Халықаралық ынтымақтастық

1. Тараптар тиісті түрде ынтымақтастықты жүзеге асырады және бір-біріне:

а) осы Хаттаманың мақсаттарын қолдауда халықаралық әрекеттер шеңберінде;
б) осы Хаттаманы орындау үшін ұлттық жүйелерді енгізу кезінде тиісті Тараптар арасындағы өзара уағдаластық негізінде;

с) осы Хаттамаға сәйкес шекаралық аудандардағы шығарындылар мен тасымалдарға қатысты ақпаратты бірлесіп пайдалану кезінде; және

д) осы Хаттамаға сәйкес Тараптар арасындағы тасымалдарға қатысты ақпаратты бірлесіп пайдалану кезінде жәрдем көрсетеді.

2. Тараптар олардың арасындағы және тиісінше жағдайларда:

а) жүртшылықты халықаралық денгейде хабарландырғанда;
б) технологияларды бергенде; және
с) осы Хаттамаға қатысты мәселелерде дамушы елдер болып табылатын Тараптарға және өтпелі экономикасы бар елдер болып табылатын Тараптарға техникалық көмек көрсетуге жәрдемдесу мақсатында тиісті халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты көтермелейді.

17-бап

Тараптар Кеңесі

1. Тараптар Кеңесі осымен бекітіледі. Оның бірінші сессиясы осы Хаттама күшіне енгеннен кейін екі жылдан кешіктірілмей шақырылады. Кейіннен, егер осы Хаттаманың Тараптары басқа шешім қабылдамаса, Тараптар кеңесінің кезекті

сессиялары дәйекті түрде немесе Конвенция Тараптарының кезекті отырыстарымен қатар өткізіледі. Егер, кезекті сессия барысында тиісті шешім қабылданса немесе кез келген Тараптың жазбаша өтініші бойынша осы өтінішті Еуропалық экономикалық комиссияның Атқарушы хатшысы барлық Тараптарға жөнелткеннен кейін алты ай ішінде аталған өтініш Тараптардың кем дегенде үштен бірінен қолдау тапса, Тараптар Кеңесі кезектен тыс сессия өткізеді.

2. Тараптар Кеңесі Тараптар үнемі ұсынып отыратын есептілік негізінде осы Хаттаманың жүзеге асырылуы және жетілдірілуі барысын үнемі қадағалайды және осы мақсатты ескере отырып:

а) шығарындылар тіркелімдерінің жасалуы мен жетілдірілуіне және ластауыштардың тасымалдануына шолуды жүзеге асырады және оларды дәйектілікпен нығайтуға және жақыннатуға септігін тигізеді;

б) бұл түрғыда күш-жігердің қатар қолданылуын болдырмау қажеттігін ескере отырып, Тараптардың оған есептілікті табыс етуін жеңілдететін, басшылыққа алынатын қағидаттарды айқындайды;

с) жұмыс бағдарламасын айқындайды;

д) 16-бапқа сәйкес халықаралық ынтымақтастықты нығайту жөніндегі шараларды қарастырады және қажет болған кезде шара қолданады;

е) ол қажет деп санайтын көмекші органдарды құрады;

ф) 20-баптың ережелеріне сәйкес, осы Хаттаманың мақсаттарын орындау үшін қажет деп саналатын, осы Хаттамаға және оған қосымшаларға түзетулерге қатысты ұсыныстарды қарайды және бекітеді;

г) өзінің бірінші сессиясында Конвенция Тараптарының Кеңесі қабылдаған рәсімнің кез келген қағидаларын ескере отырып, өзінің сессиялары және өзінің көмекші органдарының сессиялары үшін рәсім қағидаларын консенсус негізінде қарастырады және қабылдайды;

х) осы Хаттаманы жүзеге асыруға жәрдемдесу мақсатында консенсус және техникалық көмек тетіктері негізінде қаржылық рәсімдерді құру мүмкіндігін қарастырады;

і) қажет болған жағдайда, осы Хаттаманың мақсаттарына жету үшін көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәртібі мен басқа тиісті халықаралық органдардың көрсетілетін қызметтеріне жүргінеді; және

ж) осы Хаттаманың мақсаттарына жетуге жәрдемдесу үшін талап етілуі мүмкін, атап айтқанда оны жүзеге асыруға септігін тигізетін, басшылыққа алынатын қағидаттар мен ұсынымдарды қабылдау сияқты кез келген қосымша шараларды қарастырады және қабылдайды.

3. Тараптар Кеңесі 1-бапқа сәйкес ақпаратта жүртшылықтың мүдделілігін назарға ала отырып, нақты ластауыштар мен қалдықтарға бағдарланған қөзқарастарды пайдалану арқылы тасымалдау туралы есептілікті ұсыну барысында иемденген

тәжірибе туралы ақпаратты алмасуға жәрдемдеседі, осы екі көзқарасты жақындату мүмкіндігін зерделеу мақсатында осындай тәжірибелі және шығарындылардың ұлттық тіркелімдерінің және ластауыштардың тасымалдануының жалпы тиімділігін қарастырады.

4. Біріккен Ұлттар Ұйымының, оның мамандандырылған мекемелерінің және Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің, сондай-ақ Хаттаманың байланысы бар салаларда құзыретке ие кез келген үкіметаралық ұйымның 24-бапқа сәйкес осы Хаттамаға қол қоюға құқығы бар, бірақ оның Тарапы болып табылмайтын кез келген мемлекеттің және экономикалық интеграцияның өнірлік ұйымының Тараптар Кеңесінің сессиясына байқаушы ретінде қатысуға құқығы бар. Оларға рұқсат беру және олардың қатысуы Тараптар Кеңесі қабылдаған рәсім қағидаларымен реттеледі.

5. Осы Хаттаманың байланысы бар салаларда құзыретке ие Тараптар Кеңесінің сессиясына өзінің қатысу ниеті туралы Еуропалық экономикалық комиссияның Атқарушы хатшысына хабарлаған кез келген үкіметтік емес ұйымның сессияға қатысуышының, Тараптардың үштен бірі бұған қарсылық білдірген жағдайды қоспағанда, оған байқаушы ретінде қатысуға құқығы бар. Оларға рұқсат беру және олардың қатысуы Тараптар Кеңесі қабылдаған рәсім қағидаларымен реттеледі.

18-бап

Дауыс беру құқығы

1. 2-тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Хаттаманың әрбір Тарапы бір дауыска ие.

2. Экономикалық интеграцияның өнірлік ұйымдары Тараптар болып табылатын мүше мемлекеттер санына тең дауыстар санына ие бола отырып, өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өзінің дауыс беру құқығын жүзеге асырады. Мұндай ұйымдар, егер оларға мүше мемлекеттер өзінің дауыс беру құқығын жүзеге асырса және керісінше жасаса, өзінің дауыс беру құқығын жүзеге асырмайды.

19-бап

Қосымшалар

Осы Хаттаманың қосымшалары оның ажырамас бөлігін құрайды және егер, айқын түрде өзгеше көрсетілмесе, осы Хаттамаға сілтеме бір мезгілде оның кез келген қосымшасына сілтеме болып табылады.

20-бап

Тұзетулер

1. Кез келген Тарап осы Хаттамаға тұзетулер ұсына алады.

2. Осы Хаттамаға түзетулер енгізу туралы ұсыныстар Тараптар кеңесінін сессиясында қарастырылады.

3. Осы Хаттамаға ұсынылған кез келген түзетулер жазбаша түрде хатшылыққа ұсынылады және Хатшылық оны қабылдау үшін сессияның басталуынан алты ай бұрын барлық Тараптарға басқа мемлекеттер және экономикалық интеграцияның өнірлік ұйымдарына, Хаттама ережелерімен байланысты болуға келісілетін және әлі күшіне енбекен сонымен қатар, қол қойған Тараптарға жібереді.

4. Тараптар консенсус негізінде аталған Хаттамаға ұсынылған кез келген түзету бойынша келісімге жету үшін барлық күш-жігерін жұмсайды. Егер консенсусқа жету үшін барлық күш-жігер жойылса, ал келісімге қол жеткізілмесе, онда қалай болғанда да түзету сессияға қатысушылардың және дауысқа қатысушы Тараптардың төрттен үш бөлігінің көпшілік дауысымен қабылданады.

5. Осы баптың мақсаты үшін "Қатысқан және дауыс беруге қатысқан Тараптар" отырысқа қатысқан және қарсы емес және қарсы деп дауыс берген Тараптарды білдіреді.

6. 4-тармаққа сәйкес қабылданған осы Хаттаманың кез келген түзетуі, оны барлық Тараптар, Хаттама ережелерімен байланысты болуға келісім берген және әлі күшіне енбекен басқа мемлекеттерге және өнірлік экономикалық интеграциялық ұйымдар арасына сонымен қатар, қол қойған Тараптар арасына таратылып, хатшылық Депозитарийге жібереді.

7. Қосымшаға жатпайтын түзету оны қабылдау кезінде, Тараптар болып табылатын Тараптардың төрттен үш бөлігінен кем емес ратификациялау, қабылдау немесе бекіту туралы құжаттарды Депозитарийден алғаннан кейін тоқсаныншы күні оларды ратификациялаған, қабылдаған немесе мақұлдаған Тараптар үшін күшіне енеді. Нәтижесінде осы түзетуді ратификациялау, қабылдау немесе мақұлдау туралы оның құжаттарын осы Тараппен сактауға тапсырғаннан кейін тоқсаныншы күні кез келген басқа Тарап үшін күшіне енеді.

8. Осындай түзетулерді қабылдамаған, Тарап қосымшаға түзетулер енгізген жағдайда, оны Депозитарий таратқан күннен бастап 12 ай ішінде жазбаша түрде Депозитарийді хабардар етеді. Депозитарий кешіктірмей барлық Тараптарды кез келген осындай хабарлама алғандығы туралы хабарлайды. Тарап кез келген уақытта қабылдамағандығы туралы хабарламаны қайта шақырады, содан кейін қосымшаға түзету осы Тарап үшін күшіне енеді.

9. Түзетулерді қабылдау кезінде Тараптар болып табылатын Тараптардың үштен бірінен аспайтын осы уақытқа осындай хабарландыруды ұсынған жағдайда, 8-тармаққа сәйкес Депозитарийге хабарландыру жібермеген Тараптар үшін, 6-тармақта көзделгендей, оны Депозитарийге таратқаннан күннен бастап 12 ай өткенше қосымшаға түзетулер күшіне енеді.

10. Егер қосымшаға түзетулер осы Хаттаманың түзетулеріне тікелей байланысты болса, онда ол осы Хаттамаға түзетулер күшіне енгенге дейін күшіне енбейді.

21-бап

Хатшылық

Еуропалық экономикалық комиссияның атқарушы хатшысы осы Хаттамамен байланысты мынадай хатшылық қызметтерді орындаиды:

- a) Тараптар кеңесінің сессиясын дайындайды және қызмет көрсетеді;
- b) Тараптарға баяндамаларды және осы Хаттаманың ережелеріне сәйкес алынған басқа ақпаратты жібереді;
- c) Тараптар кеңесінің алдында хатшылықтың жұмысы туралы есеп береді; және
- d) қолда бар ресурстар негізінде Тараптар кеңесімен анықталатын өзге де функцияларды жүзеге асырады.

22-бап

Сақтауын қарастыру

Өзінің бірінші сессиясында Тараптар кеңесі осы Хаттаманың ережелерін сақтауды бағалау мен мадақтау үшін кеңес беру, ынтымақтастық және соттық емес, сайыстық емес және консультативтік сипаттағы институттандыру тетіктерін консенсус негізінде белгілейді. Осы рәсімдер мен тетіктерді белгілеу кезінде Тараптар кеңесі, атап айтқанда, осы Хаттамаға қатысты мәселелер бойынша жүртшылық өкілдерінен ақпаратты алуды қарастыру мақсатқа сай бола ма деген мәселені қарастырады.

23-бап

Дауларды реттеу

1. Екі немесе одан көп Тараптар арасында осы Хаттаманы түсіндіруге немесе қолдануға қатысты дау туындаған кезде, олар оны келіссөздер арқылы немесе дауларды реттеудің дауға қатысатын тараптар үшін тиімді кез келген басқа да бейбіт жолдары көмегімен шешуге ұмтылады.

2. Осы Хаттамаға қол қою, ратификациялау, қабылдау және бекіту кезінде немесе оған қосылу кезінде немесе бұдан кейін кез келген кезде мемлекет Депозитарийге 1-тармаққа сәйкес шешілмеген дауға қатысты, ол өзіне осындай міндеттемені қабылдайтын кез келген Тарапқа қатысты міндетті ретінде дауларды реттеудің төмендегі құралдардың біреуін немесе екеуін де:

- a) дауды Халықаралық Сотқа беруді;
- b) IV қосымшада жазылған рәсімге сәйкес төрелікті қабылдайтыны туралы жазбаша өтініш жазуы мүмкін.

с) Экономикалық интеграцияның өнірлік үйымы (б) тармақшада атап көрсетілген рәсімдерге сәйкес төрелікке қатысты ұқсас салдармен өтініш жасай алады.

3. Егер дау тараптары, 2-тармақта атап көрсетілген дауды реттеудің екі құралын қабылдаса, егер дау тараптары өзге туралы уағдаласпаса, онда дау Халықаралық Сотқа ғана берілуі мүмкін.

24-бап

Қол қою

Осы Хаттама Киевте (Украина) 2003 жылы 21 мамыр мен 23 мамыр аралығында "Еуропаға арналған қоршаған орта" деген тақырыпта бесінші Министрлер конференциясын өткізу жағдайына орай, ал одан кейін Нью-Йорктеге 2003 жылғы 31 желтоқсанға дейін Біріккен Ұлттар Үйымының мүшелері және аталған мәселелерге қатысты шаралар жасасу құқықтылығын қоса алғанда, осы Хаттамада реттелген мәселелер бойынша өкілеттіктерді мүше мемлекеттер берген Біріккен Ұлттар Үйымының мүше егеменді мемлекеттері құрған экономикалық интеграцияның өнірлік үйымдары болып табылатын Біріккен Ұлттар Үйымына мүше барлық мемлекеттердің қол қоюы үшін ашық.

25-бап

Депозитарий

Осы Хаттаманың Депозитарийі ретінде Біріккен Ұлттар Үйымының Бас хатшысы әрекет етеді.

26-бап

Ратификациялау, қабылдау, бекіту және қосылу

1. Осы Хаттама оған қол қойған 24-бапта атап көрсетілген мемлекеттер және экономикалық интеграцияның өнірлік үйымдары ратификациялауға, қабылдауға немесе бекітуге жатады.

2. Осы Хаттама 24-бапта атап көрсетілген мемлекеттер және экономикалық интеграцияның өнірлік үйымдарына қосылу үшін 2004 жылғы 1 қантардан бастап ашық

3. Осы Хаттаманың Тарапы болатын, оның үстіне оның мүше мемлекеттерінің бірде-бір мемлекеті Тарап болып табылмаса 24-бапта атап көрсетілген кез келген экономикалық интеграцияның өнірлік үйымы осы Хаттамаға сәйкес барлық міндеттемелермен байланысты болады. Егер осындай үйымның бір немесе бірнеше мүше мемлекеттері Тараптары болып табылса, аталған үйым және оның мүше мемлекеттері осы Хаттама бойынша өз міндеттемелерін орындағаны үшін өзінің тиісті

жауаптылығы туралы шешім қабылдайды. Мұндай жағдайларда аталған ұйым мен мүше мемлекеттер осы Хаттамада көзделген құқықтарды бір уақытта пайдалана алмайды.

4. 24-бапта аталған экономикалық интеграцияның өнірлік ұйымдары ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы өз құжаттарында осы Хаттамада реттелетін мәселелерге қатысты өз өкілеттіктерінің шегі туралы мәлімдейді. Бұл ұйымдар өз өкілеттіктері шегінің кез келген елеулі өзгерістері туралы Депозитарийді хабардар етеді.

27-бап

Күшіне енгізу

1. Осы Хаттама, ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы он алтыншы құжат сақтауға тапсырылған күннен бастап тоқсаныншы күні қүшіне енеді.

2. 1-тармақтың мақсаттары үшін экономикалық интеграцияның қандай да бір өнірлік ұйымына сақтауға тапсырылған кез келген құжат, мұндай ұйымның мүше мемлекеттері сақтауға тапсырған құжаттарға қосымша ретінде қарастырылмайды.

3. Осы Хаттаманы ратификациялайтын, қабылдайтын немесе бекітетін немесе оған қосылатын әрбір мемлекет немесе экономикалық интеграцияның өнірлік ұйымы үшін ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы он алтыншы құжат сақтауға тапсырылғаннан кейін, Хаттама ратификациялау қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы өзінің құжатын мұндай мемлекет немесе мұндай ұйым сақтауға тапсырған күннен бастап тоқсаныншы күні қүшіне енеді.

28-бап

Ескертулер

Осы Хаттамаға ешқандай ескертулер жасауға жол берілмейді.

29-бап

Шығу

Қандай да бір Тарапқа қатысты осы Хаттама қүшіне енген күннен бастап үш жыл өткен соң кез келген уақытта бұл Тарап Депозитарийге жазбаша хабарлама жіберу арқылы Хаттамадан шыға алады. Кез келген мұндай шығу Депозитарий ол туралы хабарламаны алған күннен бастап тоқсаныншы күні қүшіне енеді.

30-бап

Теңтүпнұсқалы мәтіндер

Ағылшын, орыс және француз мәтіндері тентүпнұсқалы болып табылатын осы Хаттаманың төлнұсқасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ үшін төменде қол қойғандар тиісті түрде уәкілеттік берілгендер, осы Хаттамаға қол қойды.

Киевте екі мың үшінші жылғы жиырма бірінші мамырда ЖАСАЛДЫ.

I ҚОСЫМША ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

№	Қызмет түрі	Куаттың шекті мәні (1-бағана)	Жұмыскерлердің шекті саны (2-бағана)
1	Энергетика		10 жұмыскер
a)	Мұнай өндеу және газ өндеу зауыттары	*	
b)	Газданыруға және сұйылтуға арналған қондырғылар	*	
c)	Жылу электр станциялары және жағуға арналған басқа да қондырғылар	қорытындыланған жылу қуаты 50 мегаватт (МВт)	
d)	Коксты пештер	*	
e)	Көмір үгіткіш дірмендер	қуаты сағатына 1 т	
f)	Көмір химиялық өнімдер мен қатты тұтінсіз отын өндіруге арналған қондырғылар	*	
2	Металдарды өндіру және өндеу		
a)	Металл кендерін (сульфид кенін қоса алғанда) күйдіруге немесе агломерациялауға арналған қондырғылар	*	
b)	Үздіксіз құюды қоса алғанда, өнделген шойынды немесе болатты өндіруге (бірінші немесе екінші балқыту) арналған қондырғылар	өнімділігі сағатына 2,5 т	
c)	Қара металдарды өндеуге арналған қондырғылар: i) ыстық жұқарту орнағы ii) ұста балғалары iii) корғаныш шашыратқы металл жамылғыларын жағу	қуаты сағатына 20 т шикі б о л а т энергиясы балғаға шаққанда 50 килоджоуль құрайды, ал тұтынылатын жылу қуаты 20МВт асады сағатына 2 т шикі болатты бере отырып	
d)	Қара металдарды құюға арналған зауыттар	өндірістік қуаты күніне 20 т	10 жұмыскер
e)	Мыналарға арналған қондырғылар: i) металлургиялық, химиялық немесе электролиттік процестер арқылы кеннен, концентраттардан немесе қайталама шикізат материалдарынан алғашқы түсті металдарды өндіру	*	
		балқыту қуаты қорғасын мен кадмий үшін күніне 4 т	

	ii) легирлеуді қоса алғанда, түсті металдарды, оның ішінде рекуперирленген өнімдердің (рафинирлеу, құю өндірісі және т.б.) қорытпалары	немесе барлық басқа металдар үшін күніне 20 т	
f)	Электролиттік немесе химиялық процестерді пайдалана отырып, металдарды және пластикалық материалдарды беттік өндеуге арналған қондырғылар	өздерінде чандарды өндеу үшін пайдаланылатын сыйымдылықтың көлемі 30 м ³ құрайды	
3	Минералдық шикізатты қайта өндеу жөніндегі өнеркәсіп		
a)	Жерасты тау жұмыстары және оларға байланысты операциялар	*	
b)	Пайдалы қазбаларды ашық өндіру	өнделетін участкенің беткі ауданы 25 гектар	
c)	М ы на л а р д ы : i) айналмалы құйдіру пештеріндегі цементті клинкерді ii) айналмалы құйдіру пештеріндегі әк iii) басқа пештердегі цементті клинкерді немесе әктасты өндіруге арналған қондырғылар	өндірістік қуаты күніне 500 т өндірістік қуаты күніне 50 т а с т а м өндірістік қуаты күніне 50т	
d)	Асбест өндіруге және құрамында асбест бар өнімдерді дайындауга арналған қондырғылар	*	10 жұмыскер
e)	Шыны талшығын қоса алғанда, шыны өндіруге арналған қондырғылар	балқыту қуаты күніне 20 т	
f)	Минералдық талшықтар өндірісін қоса алғанда, минералдық заттарды балқытуға арналған қондырғылар	балқыту қуаты күніне 20 т	
g)	Күйдіру арқылы қыш өнімдерді, атап айтқанда шатыр жабынқыштарын, кірпіш, отқа төзімді кірпіш, қыш тақталар, тас қыш немесе фарфор бұйымдар өндіруге арналған қондырғылар	өндірістік қуаты күніне 75 т немесе қүйдіргіш пештердің көлемі 4 м ³ және қүйдіру пештеріндегі садқидің тығыздығы 300 кг/м ³	
4	Химия өнеркәсібі		
a)	Мынадай негізгі органикалық химиялық заттарды өнеркәсіптік ауқымда өндіруге арналған химиялық қ о н д ы р ғ ы л а р : i) қарапайым көмірсутектер (сызықтық немесе циклдік, қаныққан немесе қанықпаған, алифаттық немесе хошиң іс т і) ; ii) спирттер, альдегидтер, кетондар, карбон қышқылдары, күрделі эфирлер, ацетаттар, қарапайым эфирлер, тотықтар, эпоксид шайырлары сияқты құрамында оттегі бар көмірсутектер; iii) күкіртті көмірсутектер; iv) аминдер, амидтер, азоттық қосылысы, нитро қосылыстар немесе нитратты қосылыстар, нитрилдер, цианаттар, изоцианаттар сияқты азотты көмірсутектер; v) құрамында фосфор бар көмірсутектер; vi) галогенденген көмірсутектер; vii) органометалдық қосылыстар; viii) негізгі пластикалық материалдар (полимерлер, синтетикалық талшықтар мен целлюлоза базасындағы т а л ш ы қ т а р) ;	*	

	i x) синтетикалық каучук; * x) бояулар мен пигменттер; xi) беткі-белсенді заттар;	
b)	Мынадай негізгі бейорганикалық химиялық заттарды өнеркәсіптік ауқымда өндіруге арналған химиялық қондырылғыштар: i) аммиак, хлор немесе хлорлы сутек, фтор немесе фторлы сутек, көміртек оксидтері, құқырт қосылыстары, азот оксидтері, сутек, құқырт диоксиді, көміртек хлор тотығы сияқты газдар; * ii) хром қышқылы, фторлы сутек қышқылы, фосфор қышқылы, азот қышқылы, хлорлы сутек қышқылы, құқырт қышқылы, олеум, құқыртті қышқыл сияқты қышқылдар; iii) аммоний гидро тотығы, калий гидро тотығы, натрий гидро тотығы сияқты сілтілер; iv) хлорлы аммоний, хлорлы қышқыл калий, көмірқышқыл калий, көмірқышқыл натрий, перборат, азотқышқыл күміс сияқты тұздар; * v) металл еместер, металл оксидтері немесе кальций карбиді, кремний, кремний карбиді сияқты басқа да бейорганикалық қосылыстар;	10 жұмыскер
c)	Фосфор, азот немесе калий минералдық тыңайтқыштарын (карапайым немесе күрделі тыңайтқыштарды) өнеркәсіптік ауқымда өндіруге арналған химиялық қондырылғыштар;	*
d)	Өсімдік шаруашылығы және биоцидтер үшін негізгі өнімдерді өнеркәсіптік ауқымда өндіруге арналған химиялық қондырылғыштар;	*
e)	Негізгі фармацевтикалық өнімдерді өнеркәсіптік ауқымда өндіруге арналған химиялық немесе биологиялық процестерде қолданылатын қондырылғыштар;	*
f)	Жарылғыш заттарды және пиротехникалық өнімдерді өнеркәсіптік ауқымда өндіруге арналған қондырылғыштар;	*
5	Қалдықтар және ағынды суларды басқару	
a)	Қауіпті қалдықтарды жагуға, пиролиздеуге, рекуперациялауға немесе химиялық өндіріске немесе көмүге арналған қондырылғыштар;	күніне 10 т түсетін
b)	Коммуналдық-ұрмыстық қалдықтарды жагуға арналған қондырылғыштар	өнімділігі сафатына 3 т.
c)	Қауіпті емес қалдықтарды жоюға арналған қондырылғыштар	өнімділігі күніне 50 т.
d)	Үйінділер (инертті қалдықтар үйінділерін қоспағанда)	күніне 10 т. түсетін немесе жалпы сыйымдылығы 25 000 т.
e)	Үй жануарларының тұтас етін және мал шаруашылығы қалдықтарын бөлуге немесе рециркуляциялауға арналған қондырылғыштар	қайта өндіру куаты күніне 10 т.
		10 жұмыскер

f)	Aғынды суларды тазартуға арналған қалалық қондырғылар	Тұрғындардың балама саны 100 000 адам болатын өнімділігі бар	
g)	Осы қосымшада аталған бір немесе одан да көп қызмет түріне көрсететін ағынды суларды тазартуға арналған тәуелсіз пайдаланылатын өнеркәсіптік қондырғылар	өнімділігі күніне 10000 м ³	
6	Қағаз және ағаш өндіру мен өндеу		
a)	Aғаш немесе ұқсас талшықты материалдардан целлюлоза өндіруге арналған өнеркәсіптік қондырғылар;	*	
b)	Қағаз бен картон және ағаштың басқа да алғашқы өнімдерін (картон, ағаш талшықты тақтайшалар және фанер сияқты) өндіруге арналған өнеркәсіптік қондырғылар	өнім өндіру қуаты күніне 20 т.	10 жұмыскер
c)	Aғаш және ағаштан жасалған бұйымдарды химикаттармен өндеуге арналған өнеркәсіптік қондырғылар	өнім өндіру қуаты күніне 50 м ³	
7	Қарқынды мал шаруашылығы және акваөсіру		
a)	Құстарды немесе шошқаларды қарқынды өсіруге арналған қондырғылар	i) құстарға арналған 40 000 орын; ii) бордақыланған шошқаларға арналған 2 000 орын (салмағы 30 кг. астам); iii) аналық шошқалар үшін 750 орын;	10 жұмыскер
b)	Қарқынды акваөсіру	жылына 1 000 т балық және моллюскалар	
8	Тамақ өнімдерін және сусындарды өндіру секторынан алынатын мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы өнімдері		
a)	Қасапханалар	қайта өндіру қуаты күніне 50 т. тұтас ет	
b)	Тамақ өнімдерін және сусындарды өндіру мақсатында өндеу және қайта өндеу: i) мал шикізаты (сүттен басқа) ii) өсімдік шикізаты	дайын өнімді өндіру қуаты күніне 75 т. дайын өнімді өндіру қуаты күніне 300 т. (тоқсандық негізде орташа көрсеткіш)	10 жұмыскер
c)	Сүтті өндеу және қайта өндеу	күніне келіп түсептін сүттің көлемі 200 т. құраған жағдайда (жыл сайынғы негізде орташа көрсеткіш)	
9	Қызметтің басқа да түрлері		
a)	Талшықты немесе тоқыманы алдын ала өндеуге (жуу, ағарту, мерсеризация секілді операциялар) немесе бояуга арналған қондырғылар	күніне өнделетін материалдардың көлемі 10 т. құрайды	
b)	Былғарыларды және терілерді илеуге арналған қондырғылар	қайта өндеу көлемі күніне 12 т. өнделген өнімдерді құрайды	

c)	Органикалық еріткіштерді пайдалана отырып заттарды, бұйымдарды немесе өнімдерді беткі өндеуге арналған, атап айтқанда әрлеуге, басуға, жабуға, майсыздандыруға, гидроокшаулауға, калибрлеуге, бояуға, тазалауға немесе дымқылдауға арналған қондырғылар	өндірістік қуаты сағатына 150 кг немесе жылына 200 т	10 жұмыскер
d)	Жагу немесе графиттендіру арқылы көміртек (табиги кокс) немесе электрографит өндіруге арналған қондырғылар	*	
e)	Құрылышқа және бояуға немесе кемелердегі бояуларды кетіруге арналған қондырғылар	өндірістік мүмкіндіктері ұзындығы 100 м кемелерге арналған	

Түсіндірме ескертпелер

1-бағанада 7-баптың 1(a)-тармағында айтылған өндірістік қуаттың шекті мәндері көрсетілген.

"*" белгісі өнімділіктің шекті мәні бұл қызмет түріне қолданылмайды дегенді білдіреді (есептілікті ұсыну туралы талап барлық объектілерге қолданылады.)

2-бағанада 7-баптың 1(b)-тармағында айтылған жұмыскерлер саны үшін шекті мәндер көрсетілген.

"10 жұмыскер" толық жұмыс күнімен жұмыс істейтін 10 жұмыскер баламасы дегенді білдіреді.

II ҚОСЫМША ЛАСТАУЫШТАР

№	КАС нөмірі	Ластауыш	Шығарындылардың шекті мәндері (1-бағана)			Ластауыштарды жер участкесі шегінен тасымалдау үшін шекті мән (2-бағана) кг/жыл	Өндеу немесе пайдалану өндірісі үшін шекті мән (3-бағана) кг/жыл
			Ауаға (1(a) бағана) кг/жыл	Суға (1(b) бағана) кг/жыл	Жерге (1(c) бағана) кг/жыл		
1.	74-82-8	Метан (CH ₄)	100 000	-	-	-	*
2.	630080	Көміртек тотығы (CO)	500 000	-	-	-	*
3.	124-38-9	Көміртекдиоксиді (CO ₂)	100 000 000	-	-	-	*
4.		Гидрофторкөмірт ектері (ГФУ)	100	-	-	-	*
5.	10024-97-2	Азоттың шала тотығы (N ₂ O)	10 000	-	-	-	*
6.	7664-41-7	Аммиак (NH ₃)	10 000	-	-	-	10 000

7.	Метанды емес үшпа органикалық қосылыстар (МЕҮОК)	100 000	-	-	-	*
8.	Азот оксидтері (NO _x /NO ₂)	100 000	-	-	-	*
9.	Перфторкөміртектер (ПФК)	100	-	-	-	*
10 2551- 62-4	Алты фторлы күкірт (SF ₆)	50	-	-	-	*
11 .	Күкірт оксидтері (SO _x /SO ₂)	150 000	-	-	-	*
12 .	Азоттың жалпы саны	-	50 000	50 000	10 000	10 000
13 .	Фосфордың жалпы саны	-	5 000	5 000	10 000	10 000
14 .	Гидрохлорфторкөміртектері (ГХФК)	1	-	-	100	10 000
15 .	Хлорфторкөміртектері (ХФК)	1	-	-	100	10 000
16 .	Галондар	1	-	-	100	10 000
17 7440- 38-2	Тотияйын және оның қосылыстары (As түрінде)	20	5	5	50	50
18 7440- 43-9	Кадмий және оның қосылыстары (Cd түрінде)	10	5	5	5	5
19 7440- 47-3	Хром және оның қосылыстары (Cr түрінде)	100	50	50	200	10 000
20 7440- 50-8	Мис және оның қосылыстары (Cu түрінде)	100	50	50	500	10 000
21 7439- 97-6	Сынап және оның қосылыстары (Hg түрінде)	10	1	1	5	5
22 7440- 02-0	Никель және оның қосылыстары (Ni түрінде)	50	20	20	500	10 000
23 7439- 92-1	Қорғасын және оның қосылыстары (Pb түрінде)	200	20	20	20	50
24 7440- 66-6	Мырыш және оның қосылыстары (Zn түрінде)	200	100	100	1000	10 000
25 15972- 60-8	Алахлор	-	1	1	5	10 000
26 309-00 -2	Альдрин	1	1	1	1	1
27 1912- 24-9	Атразин	-	1	1	5	10 000
28 57-74- 9	Хлордан	1	1	1	1	1
29 143-50 -0	Хлордекон	1	1	1	1	1

30	470-90 -6	Хлорвенфинфос	-	1	1	5	10 000
31	85535- 84-8	Хлоралкандар C ₁₀ -C ₁₃	-	1	1	10	10 000
32	2921- 88-2	Хлорпирофос	-	1	1	5	10 000
33	50-29- 3	ДДТ	1	1	1	1	1
34	107-06 -2	1,2-дихлорэтан (ДХЭ)	1 000	10	10	100	10 000
35	75-09- 2	Дихлорметан (ДХМ)	1 000	10	10	100	10 000
36	60-57- 1	Дильдрин	1	1	1	1	1
37	330-54 -1	Диурон	-	1	1	5	10 000
38	115-29 -7	Эндосульфан	-	1	1	5	10 000
39	72-20- 8	Эндрин	1	1	1	1	1
40		Галогенделген органикалық қосылыстар (АОГ түрінде)	-	1 000	1 000	1 000	10 000
41	76-44- 8	Гептахлор	1	1	1	1	1
42	118-74 -1	Гексахлорбензол (ГХБ)	10	1	1	1	5
43	87-68- 3	Гексахлорбутадиен (ГХБД)	-	1	1	5	10 000
44	608-73 -1	1,2,3,4,5,6- гексахлорциклогексан (ГХГ)	10	1	1	1	10
45	58-89- 9	Линдан	1	1	1	1	1
46	2385- 85-5	Мирекс	1	1	1	1	1
47		ПХДД+ПХДФ (диоксиндер +фурандар) (ә.т. түрінде)	0,001	0,001	0,001	0,001	0,001
48	608-93 -5	Пентахлорбензол	1	1	1	5	50
49	87-86- 5	Пентахлорфенол (ПХФ)	10	1	1	5	10 000
50	1336- 36-3	Полихлорланган дифенилдер (ПХД)	0,1	0,1	0,1	1	50
51	122-34 -9	Симазин	-	1	1	5	10 000
52	127-18 -4	Тетрахлорэтилен (ТХЭ)	2 000	-	-	1 000	10 000

53	56-23-5	Тетрахлорметан (TXM)	100	-	-	1 000	10 000
54	12002-48-1	Трихлорбензолдар (TXB)	10	-	-	1 000	10 000
55	71-55-6	1,1,1 -трихлорэтан	1000	-	-	1 000	10 000
56	79-34-5	1,1,2,2-тетрахлорэтан	50	-	-	1 000	10 000
57	79-01-6	Трихлорэтилен	2 000	-	-	1 000	10 000
58	67-66-3	Трихлорметан	500	-	-	1 000	10 000
59	8001-35-2	Таксофен	1	1	1	1	1
60	75-01-4	Винилхлорид	1 000	10	10	100	10 000
61	120-12-7	Антрацен	50	1	1	50	50
62	71-43-2	Бензол	1 000	200 (BTEX ^a түрінде)	200 (BTEX ^a түрінде)	200 (BTEX ^a түрінде)	10 000
63		Бромдалған дифенилді эфирлер (БДЭ)	-	1	1	1	10 000
64		Нонилфенол этоксилаттары (НФ/НФЭ) және олармен байланысты заттар	-	1	1	1	10 000
65	100-41-4	Этилбензол	-	200 (BTEX ^a түрінде)	200 (BTEX ^a түрінде)	200 (BTEX ^a түрінде)	10 000
66	75-21-8	Этиленоксиді	1 000	10	10	100	10 000
67	34123-59-6	Изоиротурон	-	1	1	5	10 000
68	91-20-3	Нафталин	100	10	10	100	10 000
69		Органотинделген қосылыштар (жалпы Sm түрінде)	-	50	50	50	10 000
70	117-81-7	Ди-(2-этилгексилфталат (ДЭГФ)	10	1	1	100	10 000
71	108-95-2	Фенолдар (жалпы С түрінде)	-	20	20	200	10 000
72		Полицикldі хош иісі бар көмірсүткөтер (ПХК) ^b	50	5	5	50	50

73	108-88-3	Толуол	-	200 (BTEX ^a түрінде)	200 (BTEX ^a түрінде)	200 (BTEX ^a түрінде)	10 000
74		Трибутилин және қосылыстар	-	1	1	5	10 000
75		Трифенилтин және қосылыстар	-	1	1	5	10 000
76		Жалпы органикалық көміртек (ЖОК) (жалпы С немесе OХТ /3 түрінде)	-	50 000	-	-	**
77	1582-09-8	Трифлуралин	-	1	1	5	10 000
78	1330-20-7	Ксилолдар	-	200 (BTEX ^a түрінде)	200 (BTEX ^a түрінде)	200 (BTEX ^a түрінде)	10 000
79		Хлоридтер (жалпы Cl түрінде)	-	2 000 000	2 000 000	2 000 000	10 000 ^c
80		Хлор және органикалық емес қосылыстар (HCl түрінде)	10 000	-	-	-	10 000
81	1332-21-4	Асбест	1	1	1	10	10 000
82		Цианидтер (жалпы CN түрінде)	-	50	50	500	10 000
83		Фторидтер (жалпы F түрінде)	-	2 000	2 000	10 000	10 000 ^c
84		Фтор және бейорганикалық қосылыстар (HF түрінде)	5 000	-	-	-	10 000
85	74-60-8	Цианды сутек (HCN)	200	-	-	-	10 000
86		Қатты бөлшектер KБ ₁₀	50 000	-	-	-	*

Тұсіндірме ескертулер

Ластауыштың КАС номірі КАС-тағы дәл сәйкестендіргішті білдіреді (Химиялық қосылыстар тізбесі).

1-бағанада 7-баптың 1 (a)(i) және (iv) тармақтарында аталған шекті мәндер берілген. Егер осы кіші бағанадағы шекті мән (аяға, суға немесе жерге) асып кетсе, онда 7-баптың 1(a) тармағына сәйкес деректерді ұсыну жүйесін тандаған Тараптар үшін тиісті объект бойынша осы кіші бағанада аталған шығарындылар туралы немесе ағын суларды тазартуға арналған ағын сулар құрамындағы ластауыштар жағдайында, экологиялық ортаға көшіру туралы мәліметтерді ұсыну талап етіледі.

2-бағанада 7-баптың 1(a)(ii) тармағында аталған шекті мәндер берілген. Егер осы бағанада шекті мән осы ластауыш үшін асып кетсе, онда 7-баптың (a)(ii) тармағына

сәйкес деректерді ұсыну жүйесін таңдаған Тараптар үшін, осы ластауышты тиісті объекті бойынша участке шегінен көшіру туралы деректерді ұсыну талап етіледі.

3-бағанада 7-баптың 1(b) тармағында аталған шекті мәндер берілген. Егер осы бағанадағы шекті мәндер осы ластауыш үшін асып кетсе, онда 7-баптың 1(b) тармағына сәйкес деректерді ұсыну жүйесін таңдаған Тараптар үшін бұл ластауышты тиісті объекті бойынша шығарындылар мен участке шегінен көшіру туралы деректерді ұсыну талап етіледі.

"-" белгісі осы параметр деректерді ұсыну туралы талаптарға қолданылмайтындығын көрсетеді.

"*" белгісі осы ластауыш үшін өндіру, өндеу немесе пайдалану үшін шекті мәнді емес, 1 a) бағанасында көрсетілген шығарындылардың шекті мәнін пайдалану қажеттігін көрсетеді.

"**" белгісі осы ластауыш үшін өндіру, өндеу немесе пайдалану үшін шекті мәнді емес, 1 b) бағанасында көрсетілген шығарындылардың шекті мәнін пайдалану қажеттігін көрсетеді.

Сілтемелер

ВТЕХ үшін (бензол, толуол, этилбензолдар және ксилендер үшін жиынтық параметр) шекті мәннен асып кеткен жағдайда деректер ұсынылуға тиіс болатын

^aжекелеген ластауыштар.

^bПолициклическі хош иісті комірсүтектер (ПХК) бензо(а)пирен (50-32-8), бензо(в) флуорантен (205-99-2), бензо(к)флуорантен (207-08-9), идено(1,2,3-cd), пирен (193-39-5) сияқты өлшенеді. (Ауаның алыс қашықтықта трансшекаралық ластануы туралы конвенцияға Жойылуы қыын органикалық ластауыштар жөніндегі хаттамадан алынды).

^cБейорганикалық қосылыстар түрінде.

ІІІ ҚОСЫМША

А БӨЛІМІ

("Ж") ЖОЮ ЖӘНІНДЕГІ ОПЕРАЦИЯЛАР

- Жерге көму немесе жерге тастау (мысалы, үйіндіге).
- Жерді өндеу (мысалы, топырақта сұйық немесе шлам қалдықтарының биохимиялық ыдырауы және т.б.).
- Улken терендікке ағызу (мысалы, ұнғымаға, тұзды шұнқырларға немесе табиғи резервуарларға тиісті консистенциядағы қалдықтарды ағызу).
- Жерүсті резервуарларына ағызу (мысалы, сұйық немесе шлам қалдықтарын қазан шұнқырларға, тоғандарға немесе тұндырғыш бассейндерге ағызу).

- Арнайы жабдықталған үйінділерге тастау (мысалы, қақпақпен жабылатын қорғаныш жамылғысы бар және бір-бірінен және қоршаған ортадан оқшауланған жеке бөліктеге ағызу).

- Теніздерден/мұхиттардан басқа су қоймаларына ағызу.

- Теніздерге/мұхиттарға ағызу, оның ішінде теңіз түбіне көму.

- Осы қосымшаның басқа бөлімдерінде айтылмаған, кейіннен, осы бөлімде айтылған қандай да бір тәсілдермен алынып тасталатын түпкілікті қосылыстардың немесе қоспалардың пайда болуына алып келетін биологиялық өндеу.

- Осы қосымшаның басқа бөлімдерінде айтылмаған, кейіннен, осы бөлімде айтылған қандай да бір тәсілдермен алынып тасталатын түпкілікті қосылыстардың немесе қоспалардың пайда болуына алып келетін физикалық-химиялық өндеу (мысалы, буландыру, кептіру, түйреу, бейтараптандыру, тұндыру).

- Құрлықта жағу.

- Тенізде жағу.

- Көму (мысалы, шахтада контейнерлер орналастыру).

- Осы бөлімде көрсетілген операциялардың кез келгені басталғанға дейін біртекtes немесе біртекtes емес қоспа алу.

- Осы бөлімде көрсетілген операциялардың кез келгені басталғанға дейін қайта буып-түю.

- Осы бөлімде көрсетілген операциялардың кез келгенін күту кезіндегі сақтау.

В БӨЛІМІ

("Р") РЕКУПЕРАЦИЯЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ОПЕРАЦИЯЛАР

- Энергия алу үшін отын ретінде (тікелей жағудан басқа) немесе өзге де түрде пайдалану.

- Еріткіштерді кәдеге жарату/қалпына келтіру.

- Еріткіштер түрінде пайдаланылмайтын органикалық заттарды рециркуляциялау/кәдеге жарату.

- Металдарды және олардың қосылыстарын рециркуляциялау/кәдеге жарату.

- Басқа да бейорганикалық емес материалдарды рециркуляциялау/кәдеге жарату.

- Қышқылдарды немесе негіздерді қалпына келтіру.

- Ластануга қарсы қурес үшін пайдаланылатын құрамдарды рекуперациялау.

- Катализаторлардың құрамдарын рекуперациялау.

- Пайдаланылған мұнай өнімдерін қайта айдау немесе бұрын пайдаланылған мұнай өнімдерін қайта қолдану.

- Егіншілікке пайдалы әсер ететін немесе экологиялық жағдайды жақсартатын жерлерді өндеу.

- Осы бөлімде көрсетілген рекуперациялау жөніндегі кез келген операциялардан қалған материалдарды пайдалану.
- Осы бөлімде көрсетілген рекуперациялау жөніндегі операцияларда іске қосу үшін қалдықтармен алмасу.
- Осы бөлімде көрсетілген кез келген операцияға кейіннен іске қосуға арналған материалды шоғырландыру.

IV ҚОСЫМША ТӨРЕЛІК

1. Осы Хаттаманың 23-бабының 2-тармағына сәйкес дау төрелік іс қарауға берілген жағдайда тарап немесе тараптар дипломатиялық арналар бойынша даудың екінші тарапын немесе басқа да тараптарын, сондай-ақ хатшылықта төрелік істі қарау нысаны туралы хабарлайды және де атап айтқанда, осы Хаттаманы түсіндіруге немесе қолдануға қатысты дау туындаған баптарын көрсетеді. Хатшылық алынған ақпаратты осы Хаттаманың барлық Тараптарына жолдайды.

2. Төрелік сот үш мүшеден тұрады. Талапкер-тарап немесе талапкер-тараптар сияқты даудың басқа тарапы немесе басқа да тараптары бір-бір төрешіден тағайындаиды және осылайша тағайындалған екі төреші өзара келісім бойынша төрелік сот төрағасының функциясын атқаратын үшінші төрешіні тағайындаиды. Соңғысы дау тараптары бірінің азаматы бола алмайды және осы тараптардың бірінің аумағында өзінің әдеттегі тұрғылықты мекенжайына ие бола алмайды, оларда қызметте бола алмайды немесе қандай да бір түрде бұл іске қатысы бола алмайды.

3. Егер екінші төреші тағайындалғаннан кейін екі ай өткенде төрелік соттың төрағасы тағайындалмаса, онда дау тараптарының кез келгенінің өтініші бойынша Еуропа экономикалық комиссиясының Атқарушы хатшысы оны келесі екі ай ішінде тағайындаиды.

4. Егер дау тараптарының бірі 1-тармақта айтылған хабарламаны алғаннан кейін екі ай ішінде төрешіні тағайындағаса, онда басқа тарап бұл туралы Еуропа экономикалық комиссиясының Атқарушы хатшысына ақпарат бере алады, ол келесі екі айдың ішінде төрелік соттың төрағасын тағайындаиды. Өзі тағайындалғаннан кейін төрелік соттың төрағасы төреші тағайындаған тарапты мұны екі айдың ішінде жасауды өтінеді. Егер ол мұндай мерзімнің ішінде мұны жасамаса, төраға бұл туралы Еуропа экономикалық комиссиясының Атқарушы хатшысына ақпарат береді, ол келесі екі айдың ішінде осындай тағайындауды жүргізеді.

5. Төрелік сот халықаралық құқыққа және осы Хаттаманың ережелеріне сәйкес өз шешімін шығарады.

6. Осы қосымшаның ережелеріне сәйкес құрылатын кез келген төрелік сот өзінің жеке рәсім қағидаларын әзірлейді.

7. Төрелік соттың рәсімдік мәселелер бойынша да, мәні мәселелері бойынша да шешімдері оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

8. Сот фактілерді анықтау үшін барлық тиісті шараларды қолдана алады.

9. Дау тараптары төрелік сот жұмысына жәрдемдеседі және, атап айтқанда, өздерінің иелігінде бар құралдардың берін пайдалана отырып:

а) оған барлық тиісті құжаттарды, шарттарды және ақпаратты береді;

б) қажет болған кезде оған куәларды немесе сарапшыларды шақыру және олардың айғақтарын тыңдау мүмкіндігін береді.

10. Дау тараптары және төрелік соттың мүшелері төрелік сотта істі қарау барысында олар құпиялылық тәртіппен алатын кез келген ақпараттың құпиялығын сактайды.

11. Төрелік сот тараптардың бірінің өтініші бойынша уақытша қорғау шараларын қабылдаудың ұсына алады.

12. Егер дау тараптының бірі төрелік сотқа келмесе немесе өз ісін қарауға қатыспаса, екінші тарап соттан істі қарауды жалғастыруды және өзінің түпкілікті шешімін шығаруды өтіне алады. Тараптардың бірінің сотта болмауы немесе тараптардың бірінің істі талқылауға қатыспауды үшін кедергі бола алмайды. Төрелік сот өзінің түпкілікті шешімін шығарғанға дейін талап қою нақты екендігіне және зандық негізделгендігіне көз жеткізуге тиіс.

13. Төрелік сот даудың мәнінен тікелей туындастын қарама-қарсы талап қоюларды тындалап, олар бойынша шешім шығара алады.

14. Егер тек төрелік сот өзгедей шешім қабылдамаса, істің нақты мән-жайын негізге ала отырып, сот мүшелерінің көрсеткен қызметіне ақы төлеумен қоса, сот шығындарын дау тараптары тең бөліп төлейді. Сот өзінің барлық шығыстарын тіркейді және дау тараптарына осы шығыстар туралы түпкілікті есебін береді.

15. Осы Хаттаманың даудың мәніне құқықтық сипаттағы мүдделілігі бар және аталған іс жөніндегі шешімде қозғалуы мүмкін кез келген Тарапы соттың келісімімен талқылауға қатыса алады.

16. Төрелік сот, егер тек ол бұл мерзімді бес айдан аспайтын кезеңге созуды қажет деп есептемесе, өзі тағайындалған күннен бастап бес ай ішінде өз шешімін шығарады.

17. Төрелік соттың шешімі себептерін түсіндірумен бірге жүреді. Бұл шешім түпкілікті және даудың барлық тараптары үшін міндettі болып табылады. Төрелік сот өз шешімін даудың тараптарына және хатшылыққа жібереді. Хатшылық өзі алған ақпаратты осы Хаттаманың барлық Тараптарына жолдайды.

18. Сот шешімін түсіндіруге немесе орындауға қатысты тараптар арасында туындауды мүмкін кез келген дауды кез келген тарап осы шешімді шығарған төрелік сотқа бере алады немесе соңғысының көрсететін қызметін пайдалану мүмкін болмаған кезде біріншісі сияқты жолмен осы мақсатта құрылатын басқа сотқа бере алады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұдан әрі Хаттаманың ағылшын және француз тіліндегі мәтіндері берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК